

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті
Терапиялық және ортопедиялық стоматология кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: «Көпір тәрізді протезді салу және орнату. Сапа критерий.»

Орындаған: Ергашева Г.С
Тексерген: Аубакиров С.Е

Қарағанды 2016ж

Жоспар:

- Кіріспе ;
 1. Көпір тәрізді протезді тұрақты цементке бекіту;
 2. Көпір тәрізді протездің сапа критерий;
- Қорытынды;
- Пайдаланған әдебиеттер.

Кіріспе:

- Науқасты орындыққа отырғызу, тексеруге қажетті құрал – жабдықтарды дайындау, қолданылатын заттар : қаптама алғыш, ауызды шаюға арналған марганец ертіндісі, шыны, бекітуге арналған цемент. Көпір тектес протездің технологиялық қалыптарын тексеру оны спиртпен және эфирмен өңдеу.

Көпір тәрізді протез





- Еш қандай қысымсыз протезді тірек тістерге отырғызу. Клиникалық талаптарға тура келуі және протездің денесімен ақау аймағындағы альвиоляр өсіндісінің шырышты қабат арасындағы алшақтықты тексеру. (Алдыңғы тістер аймағында протез денесі шырышты қабатқа ептеп тиеді, ал бүйір бөлігінде 2-3 мм жетпей тұрады.)

- Орталық окклюзия жағдайында жақтардың окклюзиялық қарым – қатынасын тексеру. Қарама – қарсы тістермен олардың арасында тығыз біркелкі жанасу нүктесі болуы керек, төменгі жақтың қозғалысы көпір тектес протездің элементтерімен кедергі келтірмеуі тиіс.
- Егер де тісте бір – бірімен бір келкі түйіспесе онда шайнау беттерінің биік аймақтары ептеп алынады (шайнау бұдырлары, кесу қырлары, күрек тістердің таңдай беттері), кейіннен бұл жер жылтыратылады.

- Көпір тектес протез тіс доғасына дұрыс орналасып, сыртқа немесе ішке кіріп кетпей, жасанды тістермен тірек элементтері табиғи тістердің пішіні мен көлеміне сәйкес келуі керек.



- Протезді спиртпен немесе эфирмен медикаментозды өңдеу.
- Шынының үстінде бекітуге қажетті цементтің ұнтағы мен сұйықтығы дайындалады (фосфат, висфат – цемент, оргезор, рауцем, унифаз)
- Тірек тістерді ауыз қуысында мақта біліктерімен кептіреді және ауыз қуысы дәрі – дәрімектік өңделеді.
- Дайын болған цемент қаймақ тәрізді болады, онымен қаптаманы ішкі бетін ортасына дейін толтырады.
- Протезді тістерге бекітіп, тістердің тістесу дұрыстығын анықтайды.
- 7- 10 минуттан кейін цемент қатқан соң оның қалдықтары алынады.

Көпір тәрізді протезді тұрақты цементке бекіту

- Металлды сауытты және тірек тістерді спиртпен, эфирмен өңдеп жылы ауамен кептіреді. Көпір тәрізді протезді бекіту үшін цементті қаймақ тәрізді консистенцияға дейін араластырады және сауытты цементпен толтырады.




- Тірек тістерді мақтамен сілекейден оқшаулап, протезді орналастырып цемент қатқанша сілекей тимеуі керек. Қазіргі заманғы қондырғыларда сілекей сорғыш пайдаланылады.




- Кейін цементтің артық бөлігін алып тастайды. Науқасқа 2 сағат көлемінде тамақ қабылдамау туралы кеңес береді. Көпір тәрізді протезді бекіту сауытты бекіту принциптеріне сәйкес келеді. Тірек ретінде алынған конструкцияға байланысты цементпен бекітудің ерекшеліктері бар.


- Көпір тәрізді протезбен бір уақытта 2-3 не одан да көп сауыттарды бекітуге байланысты өзіндік айырмашылықтар бар. Сондықтан тісті майсыздандыру және кептіру үшін біраз уақыт кетеді.

- Көпір тәрізді протезді бекіту кезіндегі ең көп кездесетін қиындықтар ол тістемнің биік болуы және тіректік конструкциялардың цементінің шайылып кетуі.



- Сауыттың астындағы артық цементтің шықпауынан тістемнің биіктеуі болады.
- Егер көпір тәрізді протезді бекіткеннен кейін тістем биік болса, онда протезді тез арада алып, протезді қателігін түзеу керек.





- Сауттың цементінің еріп кетуі сілекей түскендіктен пайда болады. Егерде тірек тістерді сілекейден оқшаулап және де көпір тәрізді протезді тез арада отырғызса, бұндай қателіктер болмайды.

Көпір тәрізді протездің сапа критерий

- **Технологиялық :**

Жасанды тістердің табиғи тістермен анатомиялық пішіні, түсі және орналасуы сәйкес болуы қажет.

- Дәнекерлену мықты болып көпіршіктер болмағаны жөн.
- Жасанды тістердің ішкі жағы аздап айқын болады.
- Өте жақсы өңдеу және жылтырату.

- **Клиникалық.**
- (Протез тірек тістерге отырғызылған)
- - Протез денесімен альвиоляр өсіндімен шырышты қабатының арасындағы саңлау.
- - Қаптаманың клиникалық талаптарға сәйкес келуі.
- - Төменгі жақтың орталық окклюзия жағдайында бір келкі окклюзиялық жанасудың болуы және төменгі жақтың сагитальды және трансверзальды қозғалыстарында жанасудың болуы.
- - Жасанды тістердің тіс қатары деңгейінде тіл артикуляциясын бұзбай ерінді және ұртты жарақаттамай және сөйлеу айқын болатындай етіп орналастыру.
- - Науқастың бет әлпетімен, тіс қатарының түсі мен пішініне сәйкескелуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- Рузиддинов С. Р – «Ортопедиялық стоматология пропедевтикасы».
- google.kz
- www.Wikipedia.kz